# Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы, Алматы облысы Қапшағай су қоймасының жағалауындағы туристік орталықтарды және Маңғыстау облысындағы Кендірлі демалыс аймағын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 наурыздағы N 53-ө Өкімі

Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы, Алматы облысы Қапшағай су қоймасының жағалауындағы туристік орталықтарды және Маңғыстау облысындағы Кендірлі демалыс аймағын дамытуды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы, Алматы облысы Қапшағай су қоймасының жағалауындағы туристік орталықтарды және Маңғыстау облысындағы Кендірлі демалыс аймағын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) ай сайын Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі және Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынуды қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 13 наурыздағы N 53-ө өкімімен бекітілген

## Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағындағы, Алматы облысы Қапшағай су қоймасының жағалауындағы туристік орталықтарды және Маңғыстау облысындағы Кендірлі демалыс аймағын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары

| N | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны | Орындалуына жауаптылар | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Алматы облысы Қапшағай қаласының аумағында | Әкімнің шешімі | Алматы облысы Қапшағай | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | туристік орталық құру үшін жер учаскесін бөлу | | қаласының әкімі | 2007 жылғы наурыз |
| 2 | Алматы облысы Қапшағай қаласының аумағында және Ақмола облысының Щучинск-Бурабай курорттық аймағында туристік орталықтарды дамытудың бас жоспар-ларын әзірлеу және бекіту | Уәкілетті органдардың бұйрықтары | ТСМ, АШМ, ПІБ, Қоршағанор-тамині, Алматы және Ақмола об-лыстарының әкімдері | 2007 жылғы маусым |
| 3 | "Бурабай" МҰТП-ның туризм инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарын әзірлеу және бекіту | Уәкілетті органның бекітуі | ПІБ, АШМ | 2007 жылғы маусым |
| 4 | Алматы облысының "Алтын-Емел" МҰТП-ның аумағында туризм инфрақұрылымын дамыту ТЭН-ін түзету | Уәкілетті органның бекітуі | АШМ, Қорша-ғанортамині | 2007 жылғы қыркүйек |
| 5 | Маңғыстау облысындағы Кендірлі демалыс аймағын дамытудың іс-шаралар жоспарын әзірлеу | Әкімнің шешімі | Маңғыстау облысының әкімі, "Қаз-МұнайГаз" ҰК АҚ, "Маң-ғыстауМұ-найГаз"ҰК АҚ | 2007 жылғы маусым |
| 6 | "Ойын бизнесін ұйымдастырушының біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі мен нысандарын бекіту туралы", "Ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялар тізілімін жүргізу ережесін бекіту туралы" бұйрықтарды әзірлеу | Уәкілетті органның бұйрығы | ТСМ | 2007 жылғы наурыз |
| 7 | Алматы - Қапшағай, Астана - Щучинск бағыттары бойынша спутник қалаларды жобалауға және салуға қатысушы инвесторларға "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республика-сының Заңына сәйкес жеңілдіктер мен преференциялар беру | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ (жинақ-тау), Қаржы-мині, ЖРА, Ақмола, Алматы облыстары-ның, Астана, Алматы қала-ларының әкімдері | 2007 жылғы желтоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | Алматы және Ақмола облыстарында туризм инфрақұрылымын дамыту ЖСҚ-сын әзірлеу | Уәкілетті органның бұйрығы | ТСМ | 2007 жылғы наурыз-шілде |
| 9 | Алматы және Ақмола облыстарында туристік орталықтарды жобалауға және салуға конкурс өткізу | Уәкілетті органдардың бұйрықтары | ТСМ, "Бурабай" МҰТП, ПІБ, Алматы және Ақмола облыстарының әкімдері | 2007 жылғы қараша |
| 10 | Туристік орталықтарды дамыту бойынша инвесторлармен келісім-шарт жасасу | Уәкілетті органдардың бұйрықтары | ТСМ, "Бурабай" МҰТП | 2007 жылғы желтоқсан |
| 11 | Алматы - Қапшағай, Астана - Көкшетау трассасы бойындағы спутник қалаларды дамыту жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ (жинақтау), Алматы және Ақмола облыстарының, Астана, Алматы қалаларының әкімдері, ККМ, ЭМРМ | 2007 жылғы сәуір |
| 12 | Жер учаскелерін бөлу, Бас жобаны әзірлеу мен келісу және G 4 City жобасы бойынша спутник қалалардың инфрақұрылымын қаржыландыру (кәріз, су құбыры, газ құбыры, электрмен жабдықтау, топогеодезиялық және инженерлік-геологиялық ізденістер) жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ (жинақтау), Алматы облысының әкімі, ЭМРМ, ЭБЖМ | 2007 жылғы наурыз |
| 13 | Астана, Алматы қалаларын тиісті туристік орталықтармен байланыстыратын республикалық маңызы бар автожолдардың ТЭН-ін және ЖСҚ-ні әзірлеу, темір жолды, және автовокзалдар салу, жүрдек пойыздарды ұйымдастыру | Уәкілетті органның бұйрығы | ККМ, Ақмола, Алматы облыстарының, Астана, Алматы қалаларының әкімдері | 2007-2010 ж.ж |
| 14 | СІМ 2002 жылғы 24 желтоқсандағы N 08-1/77 бұйрығымен, ІІМ 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 806 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының виза- | Бірлескен бұйрық | | Тұрақты |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ларын беру тәртібі туралы нұсқаулығына өзгерістер енгізу | | СІМ, ІІМ | |
| 15 | Щучинск-Бурабай курорт-тық аймағында орналас-қан туберкулезге қарсы республикалық медицина-лық мекемені көшіру мәселесі жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика-сының Үкіметіне ұсыныстар | ДСМ (жинақ-тау), ПІБ, Ақмола облы-сының әкімі | 2007 жылғы сәуір |
| 16 | Құрылып жатқан туристік орталықтардың аумақта-рында туристік қызмет-тен қоршаған ортаға болатын кері әсерді болдырмау жөнінде тетікті әзірлеу | Техникалық құжаттаманы әзірлеудің әрбір ке-зеңіндегі экологиялық сараптама қорытындысы | Қоршаған-ортамині, ТСМ, ПІБ, АШМ, Ақмола облысының әкімі | 2007 жылғы қараша |
| 17 | Жаңа пайдалануға берілетін туристік орталықтар объектілер-ін ескере отырып, облыстардың электр желілерін дамыту жоспарын әзірлеу және ЭМРМ-мен келісу | Әкімдердің шешімдері | Алматы, Ақмола және Маңғыстау облыстарының әкімдері, ЭМРМ | 2007 жылғы желтоқсан |
| 18 | Астана - Бурабай автотрассасының жолбойы сервис объектілерін салу | Пайдалануға беру | "Сарыарқа" ӘКК ҰК АҚ, Ақмола облы-сының әкімі | 2007-2008 ж.ж |
| 19 | Щучинск - Бурабай курорттық аймағында қоқысты қайта өңдейтін зауыт салу | Пайдалануға беру | "Сарыарқа" ӘКК ҰК АҚ, Ақмола облы-сының әкімі | 2008 ж. |

**Ескертпе:**

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
ТСМ - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия сауда және министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі
ПІБ - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы
ТЭН - техникалық-экономикалық негіздеме
ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама
МҰТП - Мемлекеттік ұлттық табиғи парк
"ҚазМұнайГаз" ҰК АК - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"МаңғыстауМұнайГаз" ҰК АҚ - "МаңғыстауМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы
"Сарыарқа" ӘКК ҰК АҚ - "Сарыарқа" Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация ұлттық компаниясы" Акционерлік қоғамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК